

**«Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесінің жай-күйі және одан әрі дамыту перспективалары» деген тақырыптағы Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жаңа Қылмыстық және Қылмыстық-атқару кодекстерін іске асыру мақсатында қылмыстық теріс қылық үшін қамақ түріндегі жазаны орындау үшін мамандандырылған қабылдау орындарының («қамақ үйлерінің») құрылысын уақтылы қаржыландыру бойынша шаралар қабылдасын;

2) балама жазалау шараларын (қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу) іске асыруға дайындық бойынша шаралар қабылдасын;

3) Қазақстан Республикасындағы пробация институтының моделін әзірлесін, «Пробация туралы» Қазақстан Республикасының Заңын әзірлесін;

4) кәмелетке толмағандарға арналған мамандандырылған мекемелер жүйесін жетілдіру, оның ішінде қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толғанға дейін қылмыс жасаған кәмелетке толмағандарды ұстау үшін жабық типтегі арнаулы мектептердің санын көбейту туралы мәселені пысықтасын;

5) сотталғандарды қайта әлеуметтендіру міндеттерін шешу үшін қоныс-колониялар базасында сотталғандарды бас бостандығынан айырудың соңғы кезеңінде оларға ауыстыру үшін оңалту орталықтарын құру туралы мәселені зерделесін;

6) қылмыстық-атқару жүйесі объектілерінің қауіпсіздігін ұйымдастыруға қазіргі заманғы инженерлік-техникалық күзету және қадағалау құралдарын, жаңа технологиялар мен тәсілдерді қолдану, сондай-ақ оларды инженерлік-техникалық күзету және қадағалау құралдарымен жарақтандыру саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру негізінде сотталғандардың қылмыстық мінез-құлқына қарсы іс-қимыл жүйесін қалыптастырсын;

7) барлық тергеу изоляторлары мен түзету мекемелерін қазіргі заманғы интеграцияланған қауіпсіздік жүйелерімен жарақтандырсын;

8) сотталғандарға және қамақта ұсталып тергеліп жатқандарға медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау функцияларын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің қарауынан Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне беру туралы мәселенің шешілуін тездетсін;

9) медициналық бөлімдерге, емдеу-профилактикалық мекемелерге, қылмыстық-атқару жүйесінің объектілерінде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз ететін мекемелерге денсаулық сақтау саласында белгіленген шарттар мен талаптарға сәйкес материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізсін;

10) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталып отырған адамдардың науқастануға, мүгедектікке және өлім-жітімге ұшырау деңгейін төмендету мақсатында олардың арасында неғұрлым кеңінен таралған аурулар профилактикасының, диагностикасының, оларды емдеу мен оңалтудың қазіргі заманғы әдістерін енгізуді жалғастырсын;

11) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, әлеуметтік маңызды аурулардан зардап шегетін сотталған адамдарға қатысты медициналық-әлеуметтік іс-шараларды жүргізуде сабақтастықты қамтамасыз етсін;

12) психологиялық-диагностика және психологиялық-түзеу жұмыстарының сапасын арттыру, психологтардың психикалық-терапевтік жұмыс бағытын тұжырымдау және дамыту, психологтардың қызметін ғылыми-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру, отандық және шетелдік озық жұмыс тәжірибесін енгізу бойынша шаралар қабылдасын;

13) бейінді оқу орындарында қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық персоналы мен психологтарының біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастырсын;

14) сотталғандардың әлеуметтік жағынан неғұрлым осал санаттарына қатысты қазіргі заманғы әлеуметтік көмек, қорғау және қолдау технологияларын енгізу бойынша шаралар қабылдасын;

15) сотталғандарға міндетті сабақ жүргізудің әртүрлі көлемі болатын білім беру процесін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын көздейтін, сотталғандарға орта, кәсіптік және техникалық білім беру жүйесін қалыптастырсын; сотталғандардың білім алуы, оның ішінде сыртай және қашықтықтан оқыту арқылы жоғары білім алуы үшін жағдай жасасын;

16) сотталғандарды еңбекпен қамту деңгейін арттыру, қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік-шаруашылық қызметін жетілдіру және сотталғандар еңбегінің экономикалық тиімділігін арттыру үшін жағдай жасасын;

17) қылмыстардан зардап шеккен адамдарға және мемлекетке келтірілген залалдың орнын толтыру мүмкіндіктерін арттыру, жұмыс істейтін сотталғандарға еңбек қызметіне байланысты берілетін кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында сотталғандардың еңбегіне ақы төлеу жүйесін оңтайландырсын;

18) қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында пайдаланылатын, қолда бар өндірістік жабдықтарды жаңғырту және олардың жаңасын сатып алу үшін мүмкіндіктерді іздестірсін;

19) қолайлы климаттық жағдайлары бар абақты аймақтарында ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді кеңейту және ауыл шаруашылығы өндірісі бар қоныс-колониялар құруға ынталандыру бойынша шаралар қабылдасын;

20) ұлттық компаниялар мен мемлекеттік органдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді шығару жөніндегі тапсырыстарды қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарында орналастыруына байланысты мәселелерді заңнамалық тұрғыдан реттесін;

21) қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің, оның ішінде медицина қызметкерлері мен психологтардың мәртебесін көтеру мақсатында олардың әлеуметтік пакетін жақсарту (қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстеме ақы енгізу, жергілікті атқарушы органдардың, әсіресе, шалғай аудандардағы жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй қорынан тұрғын үй бөлу мәселесі) жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) қылмыстық-атқару жүйесін жаңа қылмыстық-атқару заңнамасының қолданылуы жағдайларында жұмыс істеуге дайындау бойынша ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешенін жүзеге асырсын;

2) қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар ауқымының кеңейтілуіне байланысты, пробация қызметін дамыту бойынша қосымша шаралар қабылдасын;

3) сотталғандарды камералық ұстауға одан әрі көшу бойынша ұйымдастырушылық-практикалық шаралар қабылдасын;

4) қадағалаудың қазіргі заманғы техникалық құралдарын енгізу, қылмыстық-атқару жүйесі жұмыскерлерін даярлау сапасын арттыру және қызмет атқару жағдайларын жақсарту негізінде түзеу мекемелерінде ұсталып отырған адамдардың мінез-құлқын қадағалау тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылдасын;

5) қылмыстық-атқару жүйесінің жұмыскерлерінде сотталған адамдар тарапынан болатын құқыққа қарсы мінез-құлыққа тиімді іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін дағдылар мен машықтарды қалыптастыру бойынша шаралар, сондай-ақ сотталғандардың және күзетпен ұсталып отырған адамдардың құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік шараларының кешенін әзірлесін;

6) сотталғандардың мінез-құлқына электрондық бақылау технологияларының (бейнебақылау, электрондық білезіктер, сымсыз технологиялар және т.б.) көмегімен мониторинг жүргізуді енгізсін;

7) сотталғандарды тасымалдауға арналған арнаулы автомобильдер мен арнаулы вагондардың қозғалысына мониторинг жүргізу үшін жаһандық позициялаудың жерсеріктік жүйесін пайдалансын, арнаулы автомобильдерді қазіргі заманғы бейнебақылау және байланыс құралдарымен жабдықтасын;

8) қылмыстық-атқару жүйесінің кадр жұмысын жетілдіру, оның біліктілігі жоғары кадр құрамын қалыптастыру бойынша ұйымдастырушылық және практикалық шаралар кешенін тиянақтасын және іске асырсын. Азаматтарды қоғамнан оқшаулау жағдайында олардың мінез-құлқына әсер етудің ең жаңа психологиялық және педагогикалық әдістемелері мен технологияларын, оның ішінде жаңа телекоммуникация жүйелерімен жұмыс істеу дағдыларын меңгерген қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлерін даярлауды ұйымдастырсын;

9) қылмыстық-атқару жүйесі түзеу мекемелерінің ұлттық алдын алу тетігіне қатысушылармен өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз етсін;

10) қылмыстық-атқару жүйесінің қоғамдық байқау комиссияларымен өзара іс-қимылын күшейтсін, оның ішінде олардың шартты түрде мерзімінен бұрын босату институттарының қызметін қамтамасыз етуге, сотталған адамға қолданылатын көтермелеу немесе жазалау шаралары ретінде жазаны өтеу жағдайларын және түзеу мекемесінің түрін өзгерту туралы шешімдер дайындауға қатысу мүмкіндігін қарастырсын;

11) қоғамдық-гуманитарлық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу бойынша қызметті жандандырсын, осы жобалардың шеңберінде сотталғандардың заңды құрметтейтін мінез-құлқына және қайта әлеуметтенуіне қосымша ынталандыру жағдайлары жасалатын болады;

12) жазаны өтеудің тиісті жағдайларын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесіндегі қызметтің беделін арттыруға, оның қызметінің беделін түсіруге қарсы іс-қимыл жасауға, сондай-ақ қоғамда қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлерінің еңбегіне, олардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі рөліне оң тұрғыдан және құрметпен қарауды қалыптастыруға жәрдемдесуге бағытталған шараларды жазып-көрсету мәселелерінде бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара іс-қимылды күшейтсін;

сотталғандарды еңбек қызметіне, кәсіп алуға немесе біліктілігін ауыстыруға тартуға баса мән бере отырып, оларға қатысты тәрбие жұмысының тиімділігін арттырсын;

түзеу мекемесінің түріне қарай сотталғандарды еңбекпен қамту үшін жағдай жасасын, қылмыстық-атқару жүйесінің өндірістік-шаруашылық қызметін жетілдірсін және сотталғандар еңбегінің экономикалық тиімділігін арттырсын;

13) түрмеде ұстау жағдайында сотталғандарды еңбекке тартудың, оның ішінде шеберхана-камералар жасау және жеке-дара жұмыспен қамту нысандарын енгізу арқылы еңбекке тартудың жаңа қағидаттарын іске асырсын;

қоныс-колонияларда жазасын өтеп жүрген сотталғандарды еңбек қызметіне тартуды кеңінен пайдалансын;

сотталғандарды қайта әлеуметтендіру, олардың түзелуі және босатылғаннан кейін қоғамға ойдағыдай бейімделуі үшін қажетті шарт ретінде негізгі әлеуметтік функцияларды меңгеруі бағытында олармен жүргізілетін әлеуметтік, психологиялық және тәрбие жұмыстарын дамытуды қамтамасыз етсін;

әртүрлі қылмыстар (экстремистік және террористік бағыттағы қылмыстар, адамның жыныстық тиіспеушілігіне және жыныстық бостандығына қарсы қылмыстар, пайдакүнемдік мақсаттағы қылмыстар және т.б.) жасағаны үшін сотталған адамдар үшін сотталғандардың әлеуметтік бағыт-бағдарын қалыптастыруға, бүлдіруші көріністердің профилактикасына, оларды қайта әлеуметтендіруге және қоғамға одан әрі

интеграциялауға арналған жеке басты психологиялық түзеудің базалық (міндетті) бағдарламаларын әзірлесін және енгізсін;

әрбір сотталған адамға оның әлеуметтік, қылмыстық-құқықтық және жеке-дара психологиялық мінездемелерін ескере отырып, атаулы әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін, сотталғандармен жұмыстың жеке-дара нысандарын енгізсін;

14) нарықта қажет етілетін өндірістерді дамыту үшін өндірісті басқаруды басшылардың дербес жауаптылығын белгілей отырып, мекемелердің басшылығына берсін, сондай-ақ сырттан делдалсыз инвесторлар тартсын;

15) бас бостандығына айыру орындарында арнаулы контингентке сауалнама жүргізу және босатылғаннан кейін олардың кәсіпорындарында жұмыс істегісі келетіндерді одан әрі оқыту және жұмысқа орналастыру арқылы іріктеу үшін кәсіпкерлерді тарта отырып, сотталғандарды Жұмыспен қамтудың жол картасы бойынша қажетті мамандықтарға ғана оқытатын болсын.

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының әкімдері:

1) қоғамдық жұмыстар және бас бостандығын шектеу түрінде баламалы жазалау шараларын іске асыруға дайындық бойынша шаралар қабылдасын;

2) қамаққа алынған адамдарға арналған арнаулы қабылдау орындарын салуға жер учаскелерін бөліп берсін;

3) пробация қызметінде есепте тұрған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталарын көбейту бойынша қосымша шаралар қабылдасын;

4) халықты жұмыспен қамтудың өңірлік нысаналы бағдарламаларына қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің қатысуын және сотталғандар арасынан жұмысшы кадрлар даярлау саласындағы әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуды қамтамасыз етсін;

5) қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдар үшін әлеуметтік бейімдеу және оңалту орталықтарын ашу бойынша шаралар қабылдасын;

6) сотталғандарды қайта әлеуметтендіру, олардың түзелуі және босатылғаннан кейін қоғамға ойдағыдай бейімделуі үшін қажетті шарт ретінде негізгі әлеуметтік функцияларды меңгеруі бағытында олармен жүргізілетін әлеуметтік, психологиялық және тәрбие жұмыстарын дамыту бойынша шаралар қабылдасын.